



# АУЫЛ

## ЖАҢАЛЫҒЫ

### Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 7 (8394) Сәрсенбі 13 қаңтар 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті  
Байзақская районная газета

## Трудиться во славу Родины

Р.Джакипбаева,  
«Ауыл жаңалығы».

**УКАЗОМ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ОТ 3 ДЕКАБРЯ 2015 ГОДА ПОЧЁТНЫМ ЗВАНИЕМ «КАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІНІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ» НАГРАЖДЁН РУКОВОДИТЕЛЬ ИП ВЛАДИМИР ИЛЬИЧ ЛЕСНЯК.**

«Молочный бидончик» - такое интересное название носит цех по производству молочной продукции, которым руководит В.И.Лесняк. Это один из первых открывшихся в нашем районе цехов по производству молочной продукции. На этом рынке он работает пятый год. Получив по государственной программе «Дорожная карта бизнеса-2020» кредит в размере 18 млн. тенге, В.Лесняк купил мини-цех российского производства, который включал в себя все необходимые аппараты: фасовочный, охлаждающие ванны, пастеризатор, сепаратор, ванны длительной пастеризации, творожную ванну.

Сегодняшний ассортимент производимой продукции разнообразен: кефир, ряженка, сметана 20, 30, 40-процентной жирности, сливочное, топленое, шоколадное, солёное масло, сырки с изюмом, ванилином, творог, брынза. Совсем недавно ассортимент пополнился различными йогуртами, витаминизированной простоквашей «Био-К». Разнообразился не только

ассортимент данного молочного цеха, но и увеличивалось число торговых точек и обслуживаемые объекты: 10 торговых точек по городу Тараз, 28 районных и городских детских садов, получающих продукцию этого цеха. Забегая вперёд, не лишним будет сказать, что продукция цеха качественная, без консервантов, вся из натурпродукта. На сегодняшний день в

грамоты, Благодарственные письма за подписью Министра сельского хозяйства Республики Казахстан, областного, районного отделов сельского хозяйства. Следует отметить, что продукция ИП «Лесняк» удостоена звания «Лучший товар года», награждена Почётной грамотой к «20-летию Независимости Казахстана». Но, пожалуй, самая дорогая - это награда, полученная накануне Нового года - Почётное звание «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері».

«Я глубоко признателен тому, что мой труд так высоко оценён», - говорит Владимир Ильич Лесняк. - В наступившем году я хочу пожелать всем казахстанцам мира. Мы благодарны Президенту страны Нурсултану Абишевичу Назарбаеву, который 20 лет назад создал уникальный в мире институт дружбы и согласия под названием Ассамблея народа Казахстана. Сегодня это способствует

сохранению родного языка, традиций, обычаев, обрядов представителей разных этносов, населяющих нашу страну. В свете сегодняшних мировых событий начинаешь понимать дальновидность и мудрость нашего Президента. Все мы-казахстанцы, как говорит Глава государства, - один народ, одна семья. И все мы должны трудиться во славу нашей общей Родины».



целом производственная мощность мини-цеха составляет около 6 тонн в сутки.

За время своей деятельности «Молочный бидончик» получил известность по всей республике, так как свою продукцию индивидуальный предприниматель выставлял на всевозможных ярмарках, выставках, участвовал в конкурсах в городах Астане, Павлодаре, Алматы. Свидетельством этого могут служить дипломы, Почётные

### БҮГІНГІ КҮННІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

## БАП ТАМЫРЛЫ ДАҚЫЛДЫ БАПТАЙ БІЛСЕК

Ә.Садуақасов,  
еңбек ардагері, Үлгілі ауылы.

**ОБЛЫСЫМЫЗДЫҢ, ОНЫҢ ІШІНДЕ АУДАНЫМЫЗДЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРНЫ, КЛИМАТТЫҚ ЖАҒДАЙЫ, ЖЕРІ, ТОПЫРАҒЫ СУ РЕСУРСТАРЫ, ЖАЙЫЛЫМЫ**



**НЕГІЗІНЕН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЕГІНШІЛІК ПЕН МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАЛАРЫН ДАМУҒА ҚОЛАЙЛЫ АЙМАҚ.**

Егіншілік саласында, техникалық дақылдар, оның ішінде қант қызылшасын өсіруге қолайлы өлке. Осы ерекшеліктерді ұтымды пайдалану мақсатында Кеңес үкіметі 40-шы жылдары облыс шаруашылықтарына қант қызылшасы дақылын өсіруді міндеттеген.

Бұл дақыл көп еңбекпен, ерекше күтімді керек ететін, көктемнің құбылмалы күндерінен аман алып қалуды қажет ететін нәзік «кірпияз» өсімдік.

Қызылша дақыл егілетін алқаптар-күз кезінде сүдігер жыртудан басталады. Алқап қыс бойы бар ылғалды бойына сақтап,

қосымша ылғал жинайды. Көктем құрғақ болса, қыс бойы жинаған ылғал құрғақшылықты сездірмей кетеді. Себу жұмыстары ерте көктемде басталады. Тәжірибе көрсеткендей, мерзімінен кеш себілген дақыл, әр гектардан 30-40 центнерден өнім жоғалтады. Кезінде жер жырту, себу жұмыстарынан басқа, суғару, жүйек аралығын қопсыту, арам шөптерден тазарту, зиянкестермен күресу, органикалық тыңайтқыштар беру және жиын-терім жұмыстары тек қол күшімен атқарылатын. Қызылша-техникалық дақыл, оны өсіру техника күшін қажет етеді.

Елуінші жылдардың екінші жартысында МТС-тер таратылып, ондағы бар техника шаруашылықтарға таратылып берілді. Ауданымызда қажырлы еңбектің, ерекше күтімнің арқасында қызылша өсіретін шаруашылықтар әр гектардан 300-400 центнерден, жекелеген звенолар рекордты өнім алып, Үкімет наградаларына ие болғандар аз болған жоқ.

40-шы жылдардың аяғы, 50-ші жылдардың басында сол кездегі Қызыл жұлдыз колхозының қызылшашылары басқарма төрағасы Мұхамметқали Нұрбаевтың шебер ұйымдастыруының арқасында әр гектардан 521-610 центнерден, жекелеген қызылшашылар 1046 центнерден тәтті түбір жинаған. Жоғары рекордтық көрсеткіштерге жеткені үшін қызылжұлдыздықтардан-9

адам Үкіметтің жоғарғы наградасына ие болып-Социалистік Еңбек Ері атағын алған.

Ауданымыздың сол кездегі іргелі шаруашылығының бірегейі-«Трудовой пахарь» колхозы 60-шы жылы қызылшаның егіс көлемін -1350 гектардан-1800 гектарға дейін ұлғайтып, әр гектардан орта есеппен 430 центнерден тәтті түбір жинап, колхоз экономикасын нығайтқаны үшін шаруашылық төрағасы А.Л.Нахманович Социалистік Еңбек Ері атанып, Республика Жоғары Кеңесіне депутат болып, бірнеше рет сайланды, СОКП-ның XXV—съезіне делегат болды.

70-ші жылдары Октябьдің 40 жылдығы атындағы ұжымшардың қызылша өсірушілер звеносының жетекшісі Нұрмаш Түйтебаева қызылшадан бес жыл қатарынан, әр гектардан 500 центнерден өнім жинап, ерен еңбектің үлгісін көрсеткен. Еңбегі бағаланып КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1971 жылғы 8 сәуірдегі Жарлығымен Н.Түйтебаеваға Еңбек Ері деген ең жоғары атақ берілді. 1974 жылы сайлаушылар үлкен сенім көрсетіп, Н.Түйтебаеваны КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат етіп сайлаған.

Айта берсек, мұндай жағымды жайлар облыстың қызылша өсірген басқа аудандарында да көптеп табылады. Рекордтық өнім берген шаруашылықтар, аудандар жоғары Үкімет наградаларына ие болып жатты. (Жалғасы 3-бетте).



## Ауыл тынысы

### БУРЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Жолдауында «Бесекке қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек... Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылығы жеткіліксіз болып қалғаны қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабыдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс» деп атап көрсеткен болатын.

Осыған орай PIRLS халықаралық зерттеулер аясында бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қолға алына бастады.

PIRLS зерттеуі – бастауыш сынып оқушыларының мәтінді оқу және түсіну сапасын зерттеуге арналған. Халықаралық жоба бесжылдық мерзіммен өткізіледі (2001, 2006, 2011, 2016) 2015 жылы апробациялық зерттеуі, ал 2016 жылы негізгі зерттеуі өткізіледі.

Ауданымызда «PIRLS-2016 Халықаралық апробациялық зерттеуге дайындық» Бурыл орта мектебінде болып өтті. Оған аталмыш оқу ошағындағы 4 «ә», 4 «е» сыныптарының оқушылары қатыстырылды. Нәтижесін байқау мақсатында Бурыл орта мектебінде жуырда аудандық семинар ұйымдастырылды. Іс-шараны ашқан аудан әкімдігі білім бөлімінің әдіскері А.Нұрғелова PIRLS халықаралық зерттеуі, оның басты мақсаты жөнінде түсіндіріп өтті. Семинар барысында мектептің мұғалімдері ашық-сабақтар мен тренингтер жүргізді, өзге мектептерден келген мұғалімдермен тәжірибе алмасты.

### ДИХАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) туылған күні Мәулітке орай аудан аумағындағы мешіттерде «Мәуліт-пайғамбарды ұлықтау мерекесі», «Қош келдің, Мәуліт!» атты шаралар өтті.

Дихан ауылдық округіндегі «Дихан ауылы» мешітінде өткен Мәуліт мерекесінде имам Әбдікұл қажы, «Қалмұрат баба» мешітінің имамы Бақытбек Сағымбаев, «Аймантөбе» мешітінің имамы Кенжетхан Рахманов, «Ақжар» мешітінің имамы Лесбек қажы, «Жантай ата» мешітінің имамы Бекжан Жұмағұловтар жиналғандар алдында Алла тағаланы ұлықтап, барша мұсылман қауымы ардақ тұтар Мұхаммед пайғамбарымызға (с.ғ.с.) салауат айтты. Мәуліттің шығу тарихына, пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өнегелі өміріне тоқталды. Қасиетті айда жасалатын игілікті істер туралы уағыз айтылды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Кім мені сүйсе, менімен жаннатта бірге болады», немесе «Маған бір салауат айтсаңдар, мен сендерге он салауат айтатын», - деген. Мәулітті ұлықтаған шарада арақты пайғамбарымызға (с.ғ.с.) айтылған салауаттар мен оқылған Құранның аяттарынан рухани азық алған көпшілік кең жайылған дастарханнан дәм татты.

Шара соңында көп балалы тұрмысы төмен отбасыларға азық-түлік өнімдері үлестірілді.

### СУХАНБАЕВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

Өткен жылы елімізде Қазақ хандығының 550 жылдығы кең көлемде аталып өтілгендігі белгілі. Тарихымызды өнеге тұту ұлы парыз. Аталмыш датады күнге байланысты Қарасу орта мектебінің оқушылары түрлі аудандық, облыстық республикалық деңгейдегі жарыстарға қатысып, алдыңғы қатардан көріне білді.

«Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы» атты ғылыми жұмысымен аталмыш мектептің 8-сынып оқушысы Д.Қуанышқызы І дәрежелі Дипломмен марапатталса, Алматы қаласында өткен республикалық байқауда жыр-дастан оқуан 6-сынып оқушысы С.Рахманқұл бас жүлдені жеңіп алды. Бұл додадан қарасулық жас жеткіншек Е.Ержас та жүлдемен оралды. Еркек жарыстың үшінші тұғырынан көрінді. Қазақ хандығының 550 жылдығына орай өткізілген қолөнерлер сайысында бұл мектептің 5-сынып оқушысы Ж.Боранбайқызы «Ұлы даланың дарабоздары» тақырыбындағы қол өнер туындысымен жүлделі ІІ орынды иемденді. Айта кетерлік бір жәйт, өнерлерімен өзгелерді таңқалдырып, аудан абыройын, мектеп мәртебесін арттырған оқушыларды дайындаған білікті ұстаздар К.Өзенбаев, Ж.Боранқұлова, Ж.Жолшыбековалар еді.

## ҰЛТ ЖОСПАРЫ - ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРМАНҒА БАСТАЙТЫН ЖОЛ

## РЕФОРМАНЫҢ БАСТАУЫ-КӘСІБИ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ

Мұратхан ШҮКЕЕВ,  
Байзақ ауданының әкімі.

**ТӘУЕЛСІЗДІК АЛЫСЫМЕН  
ЕЛІМІЗ ӨЗІНДІК ДАМУ ЖОЛЫНА  
ТҮСТІ. ЕЛБАСЫМЫЗДЫҢ  
СЫНДАРЛЫ САЯСАТЫНЫҢ  
АРҚАСЫНДА АЛҒАН АСУЫМЫЗ  
БЕН ЖЕТКЕН ЖЕТІСТІКтеріміз,  
ҰЙЫСҚАН БІРЛІГІМІЗДІҢ  
АРҚАСЫНДА ӘЛЕМГЕ  
ТАНЫЛДЫҚ.**

Бүгінгі таңда жаһандық қаржы дағдарыс пен дүниежүзіндегі саяси ахуал барлық мемлекеттерге өз салқынын тигізуде. Қымбат кезеңдегі дағдарыстан шығудың жолдарын, одан әрі қарай дамуымызды айқындап берген Мемлекет басшысының «Қазақстан-2050» стратегиясы, «Нұрлы Жол» инфрақұрылымдық даму мемлекеттік бағдарламасы, Индустрияландырудың екі бесжылдығы, «5 институционалды реформа» және оны іске асырушы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының алатын орны айрықша.

Әсіресе, Елбасымыз «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» мақаласында 2016 жылдың 1 қаңтарынан «5 институционалды реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» – Ұлт жоспарын орындаудың практикалық кезеңі басталды» деп атап өтті. Шындығында да, Ұлт жоспарында - Қазақстанды кең ауқымды жаңғырту жобасында тұтас мемлекеттің дамуын жоғары әлемдік стандарттарға сәйкес белгілеу, оның ішінде мемлекетті кәсібилендіру, шығынсыз экономикаға қадам басу, инновациялық индустрияландыру негізінде елімізді тереңдете жаңғыртудың негізгі бағыттары жүйеленіп, атқарылатын нақты қадамдар көрсетіп берілген.

Елбасымыз мемлекетті, экономика мен қоғамды дамыту үшін қағидатты жаңа құқықтық орта қалыптастыратын 59 заң күшіне енгенін және олардың біздің қазақстандық арманымыз – ХХІ ғасырда көшбасшы отыз ұлттың бірі болуға қол жеткізуімізге жол ашатынын тілге тиек етті.

Алға мақсат еткен реформамыздың

біріншісі «Мемлекеттік қызмет туралы» жаңа Заң негізінде мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Қазір қазақстандық мемлекеттік қызметті дамытудың жаңа кезеңі басталып кетті. Елбасының Жарлығымен Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі министрлік, оның құрылымында – Жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ұлттық бюросы құрылды. Осылайша, тек мемлекеттік қызмет жүйесі ғана емес, сондай-ақ, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасайтын, яғни жемқорлық көріністерінің барынша алдын алуға бағдарланған жүйе де жаңғыртылып отыр. Бұл жерде жемқорлықпен күрестің өзі барынша дәйекті бола түсті және жүйелі сипатқа ие болды.

Жемқорлыққа қарсы жаңа заңнамамен өзара байланыста және сонымен қатарласа қабылданған Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заң мемлекеттік қызметтің жанартылған моделінің негізгі шеңберлерін және мемлекетті басқарудың барлық жүйесінің тиімділігін күшейту бойынша одан арғы іс-қимылдардың рет-тәртібін айқындады.

Жүргізіліп жатқан реформалардың басты міндеті - кәсіби мемлекеттің аппараттың, мемлекеттік басқарудың халыққа адал қызмет етуге бағытталған үлгісін қалыптастыру. Өйткені ел басқаратын, елге қызмет ететін мемлекеттік аппараттың кәсібилігіне тікелей байланысты. Әкімшілік мемлекеттік қызметшінің мансабы оның біліктілігі және жинақтаған тәжірибесі есепке алына отырып, мемлекеттік қызметке орналасу тек кешенді іріктеу мен жұмысты тек төменгі лауазымдардан бастаудың нәтижелері бойынша жүргізіледі. Мұнымен қатар мемлекеттік қызметшінің жұмыс тәжірибесі, мансаптық ілгерілеуінің басты шарты болады және мұнда да тек конкурстық негізде жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметке ашық конкурс арқылы және



Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссияның шешімі бойынша келісімшарттық негізде мемлекеттік емес сектордағы басқарушылар қатарынан азаматтар және шетелдік менеджерлерді тартуға мүмкін болады. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшіге еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі оның біліктілігі мен атқаратын жұмысының сипатына, көлемі мен нәтижесіне байланысты заң тұрғысынан бекітіледі. Аса нәтижелі қызмет үшін бонустар төлеу қарастырылып отыр. Мұндай жүйені 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізу жоспарланғаны баршамызға белгілі.

Үстіміздегі жылдың қаңтар айынан бастап «Б» корпусындағы мемлекеттік қызметшілердің еңбекақылары Елбасы Жолдауында айтып өткендей 30%-ға жоғарылайтын болды.

Төртіншіден, заңда саяси мемлекеттік қызметшілер ауысқан кезде мемлекеттік аппараттың автономдығы мен тұрақтылығы қағидаты нақты жазылды.

Бесіншіден, шенеуніктер ортасында этикалық нормаларды бұзуға әкелетін және жемқорлық құбылыстар туындататын жағдайлардың алдын алу бойынша қатаң шаралар қарастырылды.

Мемлекеттік қызметшілердің жұмыс пен тұрмыстағы жүріс-тұрысының қалыптасуы регламенттелген Мемлекеттік қызметшілердің жаңа этикалық кодексі қолданысқа енгізілді.

Сондай-ақ, Елбасымыз жаңа институт – этика бойынша өкілетті

өкілдер институтын құруды көздеп, олар азаматтармен мемлекеттік қызметшілерге кеңес беріп, олардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететіні жөнінде заңнамада көрініс тапты.

Алтыншыдан, мемлекеттік қызмет туралы жаңа заңның маңызды қыры оның құқық қорғау органдарына да қатысты болатынымен байланысты.

Жетіншіден, жаңа заң негізінде және еңбекке ақы төлеудің жаңа жүйесі енгізілгеннен кейін «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілерін жаңа біліктілік талаптарына сәйкестігі бойынша кешенді аттестаттаудан өткізу жоспарланып отыр.

Қызметшілердің біліктілігін 3 жылда бір реттен кем болмайтындай етіп міндетті түрде арттырып отыру заң тұрғысынан бекітілетінін айтты.

Осылайша мемлекеттік қызметті жаңғыртудың негізгі қырларын Елбасымыз жан-жақты атап өтіп, оны Қазақстандағы барлық жаңғырту үдерісі ой-ниеті табысының шешуші тетігі ретінде қарастырып отырғанын өз мақаласында атап өтті.

Жалпы бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілер - мемлекеттік сала қызметін іске асыратын, әуелсіз мемлекетіміздің негізгі құраушы бөлігі. Аудан әкімі аппараты, әкімдіктің бөлімдері мен ауыл, ауылдық округ әкімдері аппараттарында жалпы штат бойынша 213 мемлекеттік қызметші болса, бүгінгі таңда 198 мемлекеттік қызметші еңбек етуде.

«Біз көптеген сынақтарға абыройлы төтеп бердік, шынықтық, рухымызды күшейттік. Біз жаңа Қазақстанды - Ұлы Дала Елін құрдық. Ұлт жоспарын орындай отырып, біз өзіміздің Ұлттың Өрлеу Дәуірінің көкжиектерін кеңейтеміз, өзіміз Тәуелсіздік жылдары ішінде қол жеткізген және бізге жаһандық даму берген барлық мүмкіндіктерді пайдаланамыз. Әлемде, сөз жоқ, үшінші әлемнен біріншіге қадам

басқан елдердің мысалдары бар. Біз олардың жарқын тәжірибелерін зерттейміз және ескереміз.

Қазір біз экономиканың, мемлекет пен қоғам дамуының ең табысты жаһандық модельдерін өлшем ретінде аламыз. Бүгінде әлемде өзінің жалпыұлттық арманын ұмыт қалудың жүзжылдығынан шыға отырып, әлемнің ең ұлы ұлттарымен бір қатарда тұру тұрғысында бейнелейтіндер кем де кем. Біз Қазақстанның осынау тарихи тағдырына сенеміз.

Мен қазақстандықтарды Ұлт жоспарын жүзеге асыруға және реформаларды жүргізуге барынша белсенді қатысуға, олар ашатын мүмкіндіктерді пайдалануға шақырамын. Біз өзіміздің қазақстандық арманымыздың орындалуына және Қазақстанның өркендеуіне сенімді түрде қол жеткізетін боламыз!», - дейді Мемлекет басшысы.

Қазіргі жаһандық дағдарыстың салдарынан экономиканы дамытуға бүкіл қиындықтарға қарамастан, халықтың жағдайын жақсартуға бағытталған әлеуметтік қолдау толығымен көрсетілуде. Өңірлерді дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу, бәсекеге қабілетті өнімдер шығару жолында ауданымызда да көптеген жұмыстар атқарылуда.

Жалпы Елбасының жаңа жылдың алғашқы күндерінде жарияланған мақаласы алда тұрған қиындықтарды жеңу үшін іргелі істерді атқаруға, туған Отанымыз үшін еселі еңбек етуге үндейді. Сондықтан, азаматтардың қажеттіліктері мен сұраныстарына жауап бере алатын кәсіби аппаратты құру бойынша алдымызда тұрған аса ауқымды міндеттер іске асқан мезетте мемлекеттік басқару жүйесіне деген халықтың сенімі ұлғая беретіндігі ақиқат.

Ал ең бастысы, әлемдік дағдарыс жағдайында сын-қатерлердің алдын алу халықтың біртұтастығы мен бірлігінде екені даусыз. Қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайту арқылы бабалар даңқына даңқ қосып, абыройын арттырып, беделін биікке көтерген сайын ел тұғыры биіктей беретін болады.

## СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Д.Тасыбаев,  
Байзақ аудандық сотының төрағасы.

Өткен 2015 жыл мерейлі мерейтойлармен ел халқы үшін есте қаларлықтай болғаны белгілі. Биылғы жыл да жағымды жаңалықпен басталғалы отыр. Қазақстандықтар Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жуырда жариялаған «Ұлт жоспары – Қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласын ерекше ықыласпен қабылдады.

Елбасы бұл жолы да елдік мәселелерге мән берген. Мақалада үстіміздегі жылдың 1 қаңтарынан бастап «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» Ұлт жоспарын орындаудың практикалық кезеңі басталатындығы айтылып, мемлекетті, экономика мен қоғамды дамыту үшін қағидатты жаңа құқықтық орта қалыптастыратын 59 Заң күшіне енетіндігі мәлім етілді.

«Ұлт жоспары – Қазақстандық арманға бастайтын жол» атты аталмыш мақалада сот жүйесіне барынша сенім арттырылған.

Оның ішінде «Құқық тәртібі және заңдылық» бөлімінде Қазақстанның бүкіл құқық қорғау жүйесінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, заңдарды қатаң орындау және құқық тәртібін нығайту біздің басты ұстанымымыз болуы керектегі айтылып, бұл тұрғыда Азаматтық іс жүргізу кодексі мен «Жоғары Сот Кеңесі туралы» Заң қабылданғандығын, сонымен қатар «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңға, Қылмыстық іс жүргізу кодексіне және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске қажетті өзгерістер енгізілген. Мұндай жаңартулар әлбетте сот жүйесіне сенімділікті нығайтып, әділ соттың салтанат құруына ықпал ететіні анық.



«Сот төрелігін үлкен өмірлік тәжірибесі бар және жоғары моральдық ұстанымдарға ие ең лайықты әрі барынша дайындалған кәсіби шеберлер жүзеге асырулары тиіс» деуі уақыт талабынан туындаған міндет деп есептеймін. Бұл орайда, ендігі жерде Жоғары Сот судьялыққа үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптары да күшейтілетін болды. Әрі судьяларды іріктеу мен тағайындау ашық түрде өткізіледі.

Мақалада сот төрелігінің бес сатылы жүйеден үш буынды жүйеге өтуі де айтылған. Тек бірінші, апелляциялық және кассациялық инстанциялар қалады және олардың рөлдері күшейтіледі екен. Соттағы істің әділ өтуіне әсер ететін тағы бір жағдай ол, сот ісі – аудио және видеозаулардың аппаратураларымен жарактандырылады және жазбаларды тоқтатуға немесе редакциялауға мүмкіндік берілмейді. Өрине, бұл қадамға бару арқылы қарапайым халық сот процесінің әділ өткендігін байқай алады.

Жалпы, мақаладағы әрбір мәселе, оның ішінде сот саласына қатысты түйткілді жаңартулар адам және оның құқықтарымен бостандықтарын қамтамасыз етуге тікелей бағытталған деуге болады. Бұдан байқайтынымыз, ұлтты ұлы істерге ұйыстыратын Ұлт жоспары шындығында да ұлы арманға бастайтын жол.

## ЕЛБАСЫМЫЗДЫҢ ЕЛ ҚАМЫН ОЙЛАУЫ-ҰЛЫЛЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ

Н.Бейсенов,  
ардагер.  
Түймекент ауылы.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлт жоспары-қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласын теледидардан естіп, мақаламен жан-жақты таныстым. Мақала маған үлкен ой салды.

Қазіргі әлемдік дағдарыс заманында, Елбасымыздың ел қамын ойлап, мұндай қадамға баруы-құптарлық іс, қуанышты хабар дегім келеді.

Жаңа жылдан бастап дәрігерлер мен мұғалімдердің жалақылары 28-29 пайызға көтерілді. Барлық зейнеткерлердің зейнетақысы өседі, мемлекет қызметкерлерінің жалақысы да көтеріледі. Мұндай қамқорлықтар қызметкерлерді алдағы уақытта сапалы жұмыс істеуге жігерлендіріп, ілгері жылжуымызға жол ашады.

Қазіргі таңда көптеген шет елдерде, қаржылық

күйзелістің әсерінен толқулар, ереуілдер бой көтеруде. Ал біздің елімізде, басқа салаларды айтпағанның өзінде, әлеуметтік саланы жақсарту бойынша іс-шараларды жүзеге асыруда, Елбасы Жолдауларындағы көрсетілген міндеттерді орындауда әр қазақстандық күш салуда.

Құдайға шүкір, қазір Қазақстанда тыныштық, бейбітшілік орнаған. Ата-бабамыз айтқандай, «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» болып тұр. Мұның барлығы Елбасымыздың көрген, сарабал сара саясатының арқасы деп білеміз. Әрі еліміздің ынтымағы мен бірлігі, татулығының нәтижесі. Бір сөзбен айтқанда, мақаланы оқи отырып түйенім, Ұлт жоспары ұлы істерге бастайды. Онда Елбасы дүниежүзілік дағдарыстан шығудың нақты жолдарын, қалай шығу қажеттігін жан-жақты айтып берді. Енді тек қана, сол міндеттерді абыроймен орындау ғана қалды. Ендеше, ел болып бірлігімізді бекемдей түсіп, игі істерге қарай ұйысайық!

## БІРЛІК - елдіктің тамыры

Ш.Тологонова,  
ЖД 158/5 мекемесі сауықтыру бөлімшесінің бастығы, әділет капитаны.

Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласын оқып шығып, елімізде қолға алып жатқан реформаларды іске асыру арқылы дағдарыстан қиналмай шығатынымызды сезіндік.

Көзіміз көріп, құлағымыз естіп жүргендей, бүгінде төрткүл дүниедегі дамыған мемлекеттер дағдарысты бастан кешіп жатыр. Ал біздің елімізде осындай қиындықтарға қарамастан даму мен өркендеу бар. Еліміздің түкпір-түкпірінде, соның ішінде ауданымызда да жанадан білім ошақтарының салынып, балабақшалар ашылууда. Зейнеткерлердің зейнетақысы, студенттердің шәкіртақысы, мемлекеттік қызметшілердің жалақысы үстемеленді. Әсіресе жанадан оқу орындарын бітірген жас мамандарымыз үшін «Дипломмен – ауылға», «Жұмыспен қамтудың жол картасы», «Бизнестің жол картасы» сияқты көптеген мемлекеттік бағдарламалар арқылы жұмыспен қамтылғандар аз емес.

2016 жыл – «Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы» ұранымен елімізде қырауар тірліктер қолға алынып отыр. Тәуелсіздігімізді тұғырлы ету, жастар бойына отаншылдық қасиетті сіңіру, ел татулығы мен бірлігін ұлықтау секілді шаралар - біртұтастық арқылы біртектілікті меңзеп отыр. Әсіресе ел ынтымағы мен бірлігін нығайту-кемел келешектің кепілі екендігін ұмытпаған абзал. Әлемнің түкпір-түкпірінде болып жатқан қаттығыстарды көрген сайын Ұлы Дала еліндегі ынтымаққа шүкіршілік етесін. Әлемге танылған Қазақстан абыройлы, іргесі биік, ынтымағы мығым, азат елге айналды. Тарих тоғыстырған, тағдыр табыстырған бірнеше ұлт өкілдері қазақ жерінде тату-тәтті құмыр кешіп жатыр. Ендігі жерде тәуелсіз еліміздегі бірлікті көздің қарашығындай сақтап, Елбасының маңына топтасып, маңызды құжаттағы ортақ міндеттерді орындауға атсалысайық!

Қазақ хандығына – 550 жыл!

## ХАНДАР САЛҒАН САРА ЖОЛ

**Д.ЖҰМАБАЕВ,**  
**инженер, Аймәнтөбе ауылы.**

*Сақ, ғұндар дәуірінен бастау алған, Қазақтың хандығының қан тамыры. Бабалар заманында көшіп-қонған, Көп көрген қиындықты, жаны сірі.*

*Байрағын Көкбөрілі желбіретіп, Қорғаған жан-тәнімен кең даланы. Жастары өскен шақта буын бекіп, Дұшпанды қуып шыққан ең ғажабы.*

*Қазақтың қилы-қилы тарихы бар, Басталған Дешті Қыпшақ дәуірінен. Қасқайып ата жауға қарсы тұрар, Отаншыл ер-азамат бәрі кілең.*

*Алаштан шыққан бөлек тігіп отау, Айқындап алда мақсат, мұраттарын. Қазақ деп мемлекетке беріп атау, Сайлаған ел басқарар жеке ханын.*

*Қараша сенім артқан соңына еріп, Табыстап ел тағдыры – болашағын. Керейді ақ күізге хан көтеріп, Ұсынған сенімменен билік тағын.*

*Ел болып еңсемізді тіктегелі, Мінеки, 550 жыл өтіпті. Қозыбасы өңірінде бетеселі, Хантауы биігіне туын тікті.*

*Бұйырып хандық билік Жәнібекке, Нығайтты күш-қуатын еліміздің. Ісімен ел басқарған жағып көпке, Қалдырды ол тарихта ізгі ізін.*

*Ақназар хан кеңе йтіп ел аумағын, Түркістан, Сауран, Ташкен қосып алды.*

*Ашпақ болған бұл ісі елдің бағын, Грозныйға аян боп, аң-таң қалды.*

\*\*\*  
«Қасым ханның қасқа жолы»

*Ел ішінде орнағандай жаңа Заң, Дуалы ауыз бабалардан бата алып, Елдің қамын ойлағандай қарасаң.*

*Жәнібектің немересі Тәуекел, Батырлықпен аты шыққан жорықта. Елі оның жақсы ісіне тәу етер, Шапағаты тиер болса халыққа.*

*Ұлттың заңын келтіріп бір жүйеге, Елге жақын «еңсегей бойлы ер Есім». «Есімханның ескі жолы» дүниеде, Белгілеген алдағы асар белесін.*

\*\*\*  
*Жәңгір хан ел қорғаған сыртқы жаудан, Атойлап Қазақ-Жоңғар майданында. «Орбұлақ шайқасымен» аты қалған, Сынбаған, сыр бермеген небір сында.*

*«Қаратаудың басынан көш келеді», Деп зарлаған қазағым борасында. Сыбағасын қамақтың берген еді, Қансыратып Аңырақай даласында.*

*Өз-Тәуке әділдікпен асқан даңқы, Үш жүздің ақыл тұтқан дана биін. Кеңесіп ол шығарған «Жеті жарғы», Шешіпті мәселені талай қиын.*

*Абылай хан үш жүздің басын қосып, Қазағымның асырған абыройын. Айбынынан Абылай жауы шошып, Іске асыра алмаған арам ойын.*

*Қазақтың Кенесары соңғы ханы, Құтқармақ болған елді бодандықтан. Болса да орыстарда отты қару, Халқы үшін қаһарланып қарсы шыққан.*

*Шаттанып жырлағандай Жұбан ақын, «Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы.*

*Әлемге әйгілеген ұлттың атын, Тәуелсіздік – ең Ұлы Жеңіс жалқы.*

*Кемеңгер Нұрсұлтанның бастауымен, Барамыз бағыт ұстап нұрлы күнге. Ту ұстап көш басында жастар кілең,*

*Барады болашаққа елмен бірге.*

*Бұл бақыт бастау алған Хантауынан, Баянды болып отыр елім үшін. Бүгінде жалғастырып жатыр ұлан, Керей мен Жәнібектей ерлер ісін.*

*Хандар салған сара жол болашаққа, Біздер үшін шамшырақ бағыт ұстар. Сол жол бізді жеткізер бақыт, баққа. Біз тындырар алда әлі талай іс бар.*

**Н.Аманқозиев,**  
**еңбек ардагері.**

**ТӘНІРДІҢ БІЗГЕ БЕРГЕН СЫЙЫ АЗДАҒАН ҒҰМЫР БОЛСА, СОЛ АЗ ҒҰМЫРДА ӨМІРДЕН АЛАРЫМЫЗ МӨЛ ЕКЕН. БІРАҚ СОЛ МОЛШЫЛЫҚТЫҢ БАҒАСЫН БІЛІП АРТЫҒА ҰРПАҚ МҰРА ҚАЛДЫРЫП ҚАЙТАРЫМЫЗДЫ ӨТЕЙ БІЛГЕНІҢ ДЕ АБЗАЛ ШЫҒАР. ӘРИНЕ, КІМ ҚАНША ЖАС ЖАСАЙТЫНЫҢ ҚАЙДАН БІЛГЕН... БӘРІ АЛЛАНЫҢ ҚОЛЫНДА. БІРАҚ АЗ ҒҰМЫРЫМЫЗДА АДАМША ӨМІРСҮРІП, АДАМША ҚАРТАЯ БІЛУ ДЕ – БОЙҒА БІТКЕН ҚАСИЕТ. АЛ, СОЛ АЗ ҒҰМЫРДЫ ӘДЕМІ, КӨРКЕМ ЕТІП СҮРҮДІҢ ӨЗІ ЕКІНІҢ БІРІНІҢ ҚОЛЫНАН КЕЛЕ БЕРМЕСІ ХАҚ. ОҒАН ЛАЙЫҚ АДАМДАР ДА БОЛАДЫ.**



Әкеміз Базарбайұлы Аманқозы (суретте) 1894 жылы шаруа отбасында (қазіргі Байзақ ауданы, Көкбастау ауылы) Қарттөбе жотасының шығыс жағында орналасқан «Ақ көше» ауылында дүниеге келіпті. Атамыз Базарбайдың Тәттікүл, Аманқозы, Дәулетқұл атты ұлдары мен Қашымқыз есімді қызы болған екен. Осы кісілерден өніп-өскен ұрпақтары бүгінгі күні Байзақ ауданы мен Тараз қаласында тұрып жатыр. Мен әкеміз Аманқозыдан тараған бес ұлдың бірімін. Бүгінгі күні елдің санасында ұмыт болып бара жатқан мәселенің бірін ортаға салғым келіп, қолыма алам алдым.

Аманкелді колхозы Кеңес үкіметі кезінде облыс көлемінде кол жеткізген табыстарымен аты шыққан ұжымның бірі саналатын. Аталмыш шаруашылықта сол заман ағымына сай, ауыз толтырып айтарлықтай

## АУЫЛ-АЛТЫН ҚАЗЫНАМ

# АҒАЛАР САЛҒАН СОҚПАК

іс-шаралар атқарылыпты. Атап айтсақ, көптеген құрылыстар салынып, егіннен, мал өсімдерінен жоғары нәтижелерге қол жеткізген. Әрине, ондай ұжымдардың басы-қасында еңбегімен ер атанған қарапайым еңбек ерлері, яғни басшылары да болған.

Менің айтпағым, сол тұста елге басшылық еткен кісілер туралы. 1935 жылы, ел ішінде ұйымдастыру науқаны жүріп жатқан кезде «Ақ көше» елдімекен тұрғындары да сол саясаттан шет қалмай, екіге бөлініп, бірі Свердлов ауылына (қазіргі Байзақ), қалған бөлігі Көкбастау ауылына бөлініпті. 1935 жылы, наурыз айында, жаңа ұйымдасқан Көкбастау ауылының (қазіргі Аманкелді) басшысы болып, менің әкем Базарбаев Аманқозы сайланыпты. Ол басшы ретінде негізінен елді жаңа қонысқа көшіру, аббаттандыру жұмыстарымен айналысқан екен. Оның Көкбастау ауылы көшесінің алғашқы қазығын қаққандардың бірі екенін бүгінгі ұрпақтары мақтан тұтады.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталып, әкеміз көппен бірге ел қорғауға аттанады.

